Қазақстан Республикасы
Оқу- ағарту министрінің
20 жылғы «» ___________
№ ____ бұйрығына -қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуір
№ 115 бұйрығына -қосымша

# Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәнінен үлгілік оқу (далее - Программа) разработана в соответствии с пунктом 1 статьи 19 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании».

2. Бағдарлама мақсаты –оқушы үшін қол жетімді әр түрлі әлеуметтік өзара әрекеттесу тәжірибесін, жеке психофизикалық мүмкіндіктер мен танымдық қабілеттерді ескере отырып, оқу іс-әрекетіне сәтті бейімделу және одан әрі әлеуметтену үшін байланыс құралдарын қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) тіл біліктерін дамытудың алғышарттарын қалыптастыру: тілдің дыбысталуына назарын аудару, сөйлеу кезіндегі ырғақты сезінуін, артикуляторлы қимыл-қозғалыстарға еліктеу біліктерін, дауыстау пен тыныс алуын, сөйлеу элементтерін есте сақтап, кейін қайталау, ана тілінің 4 немесе одан да көп дыбыстарын танып қайталауын дамыту;

2) адекватты вербалды тәртібінің алғышартты дағдыларын дамыту;

3) қарапайым мәтінді тыңдап, түсіну дағдыларын қалыптастыру, оны мәтіннің мазмұнымен сәйкестендіру білігі;

4) осы Бағдарламада және басқа арнайы оқу бағдарламалары аясында орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды сөздік қорын анықтау және дамыту.

4. Бағдарламаның түзете-дамыту міндеттері:

1) білім алушыларды вербалды, бейвербалды және альтернативті құралдар арқылы қатынасқа түсуді, ересектермен және басқа балалармен тіл арқылы әрекеттесуге қажеттілігін ояту;

2) оқыту нысанының сөйлеу тұйықтығын жою мақсатында функционалды рөлін меңгеруге жағдай жасау;

3) сөйлеу тілінің психомоторлы базасының элементтерін қол жетерлік деңгейде қалыптастыру: сенсорлы-перцептивті процестер, көру-моторлы тепе тендік, қолдың және саусақтардың еркін қимылдары, кеңістік туралы түсініктері, жоғарғы психикалық қызметтердің элементтері.

## 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Бұл бағдарламаныңмазмұны өмірлік маңызды бейімделу және сөйлеу дағдыларын игеруге тәжірибелік бағытталған.

6. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылардағы когнитивті және сөйлеу дамуының кемшіліктері олардың басқалармен толыққанды коммуникативті байланыстарының қалыптасуына кедергі келтіреді, мінез-құлықтың бұзылуына және әлеуметтік бейімделуге әкеледі, нәтижесінде «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» сабақтарында сөйлеу дағдылары сөйлеу тілінің барлық функциялары аясында жүзеге асырылады: коммуникативті, танымдық, реттеуші.

7. Бір сыныптың оқушылары ақыл ойы мен психофизикалық дамудың бұзылуының әртүрлі деңгейімен, белгілі бір психикалық функцияның, практикалық дағдылардың қалыптасу деңгейімен сипатталады.

8. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім алушылардың ерекше жалпы психофизикалық ерекшеліктері ескеріледі:

1) психикалық бұзылулардың психикалық және соматикалық аурулармен, эмоционалды-ерік аясының бұзылуымен үйлесуі;

2) көру, есту, тірек-қимыл аппаратының жергілікті немесе жүйелі бұзылуларының болуы;

3) дамудың біркелкі дамуы және негізгі жүйке процестерінің тепе-теңдігінің бұзылуы-тежелуі мен қозу: кейбіреулерінде баяу қарқын, сәйкессіздік, сөйлеу қозғалыстарының ыңғайсыздығы байқалады, ал басқаларында ретсіз, мақсатсыз әрекеттермен үйлесетін қозғыштық жоғарылайды;

4) сөйлеу тілінің барлық құрылымдық компоненттерінің вариативті бұзылыстары: фонетикалық-фонематикалық, лексикалық және грамматикалық, бұл ауызша және жазбаша сөйлеуді қалыптастыруды қиындатады немесе мүмкін емес етеді, вербалды емес және балама коммуникацияның әртүрлі құралдарын қолдануды талап етеді.

9. Ауызша сөйлеу тілін меңгерген мектеп оқушыларына қолдың және артикуляциялық мүшелердің ұсақ, дәл сараланған қозғалыстарын жүзеге асыруда айтарлықтай қиындықтары тән, олар: бір қалыпты ұстап тұру, затты қолмен ұстап алу, тілдің ұшын жоғары немесе төмен бүгу, дыбысты айтуының бұзылыстарын,сөйлеу тілінің анықтылығын түзету процесін қиындататтатын, бір қалыптан екінші қалыпқа ауысу.

10. Осы санаттағы білім алушылардың ауызша сөйлеу тіліне төмендегілер тән: импрессивті және экспрессивті аграмматизмдер (сөйлеу тілінде сөзжасам

мен сөзөзгерту жоқ), сөз таптарын қайталау, басқа адамдардың сөздері мен сөз тіркестерін семантикалық мазмұнын ескермей (механикалық түрде) қолдану, эхолалия.

11. Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу ересектермен және басқа балалармен ынтымақтастық арқылы тәжірибелік сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды қамтиды.

12. Осы бағдарлама аясында ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзету жұмысының бағыттылығы жалпы дидактикалық және арнайы қағидаларды белгілейді:

1) гуманизм –оқушының мүмкіндіктеріне сену, субъекттілі, позитивті ықпал ету;

2) жүйелілік– білім алушыны тұтас, сапал бірлігіны, динамикалық түрле дамуға қабілетті нысан ретінде қарастыру; оның сөйлеу мүмкіндіктерін психикалық дамудың басқа жақтарымен байланыста қарастыру;

3) реализм қағидасы–оқушының нақты мүмкіндіктері мен оның дамуының жағдайын, диагностикалау мен түзете-дамыту жұмысының ескеру;

4) онтогенетикалық - логопедиялық ықпал ету әдістемесін құрастырған кезде қалыпты жағдайда тілдің әртүрлерінің қызметтері мен қалыптасу заңдылықтарын ескеру;

5) этиопатогенез қағидасы–логопедтің оқушының ерекше білім алуға қажеттілігін белгілеу үшін сөйлеу тілі бұзылыстарының жеке механизмдері мен себептерін ескеру.

13. Бағдарламаның тиімді іске асырылуын оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық ықпал ету қамтамасыздандырады:

1) іс-әрекеттік ықпал ету, осыған сәйкес, логопед түзете-дамыту жұмысы барысында бала жасына сай жетекші әрекетке сүйенеді;

2) жекеше-дифференциалды ықпал ету, осыған сәйкес логопед оқушының жеке мүмкіндіктеріне қарай, түзете-дамыту жұмысының мақсатын, мазмұнын, формаларын, тәсілдерін бейімдейді;

3) жүйелі ықпал ету, осыған сәйкес, түзете-дамытуда міндетті түрде дыбыс айту, фонематикалық процестерге, лексика мен грамматикалық жағына әсер етуді көздейді.

14. Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар білім алушылармен логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері:

1) оқытудың арнайы әдістері мен құралдарын пайдалану, «айналма жолдарды» құру, мысалы, баспа бейнелерді, заттық және графикалық алгоритмдерді, электрондық коммуникация құралдарын, сыртқы ынталандыруларды пайдалану;

2) визуалды, аудиалды және тактильді айқындылықты пайдалана отырып, анализаторларды барынша қосу;

3) саусақтардың нәзік қимылдарының манипулятивті әрекеттерін сөзбен байланыстыруын дамыту;

4) оқушылардың еліктеу қабілеттеріне және көрнекі-әрекеттік ойлаудың сақталған мүмкіндіктеріне сүйене отырып логопедиялық ырғақ элементтерін кеңінен қолдану;

5) танымдық қажеттіліктерді қоздыру үшін негізгі эмоцияларды өзектендіру;

6) материалды қарапайым элементтерге нақтылап бөлу: оқыту әр элемент бойынша жүргізіледі, содан кейін ғана олар тұтастай біріктіріледі, ал білім алушылар жалпылауға үйренеді;

7) логопедиялық материалдың жиі қайталануы, оны жаңа жағдайда қолдану;

8) оқушының сәл де болса оқу жетістіктерін міндетті түрде ескеру және эмоционалды бағалау;

9) білім беру ортасының ерекше кеңістіктік, уақыттық және семантикалық ұйымдастырумен оқытуды сапалы жекешелендіру: мысалы, ақыл ой бұзылыстарымен ұштастыра отырып, аутисттік спектрі бар ақыл-ойы бұзылған білім алушылар топтық сабақтарға дейін, ең алдымен кезеңділікпен қоршаған орта құбылыстарының өзара байланыстылығын түсінуге мүмкіндік беретін, білім беру кеңістігі мен уақытты құруда жеке дайындыққа мұқтаж,

10) білім беру кеңістігінің шекарасын белгілеу өз кезегінде білім беру кеңістігін максималды кеңейту мен қажеттілікті ескеруді көздей отырып, білім беру ұйымынан тыс жерде әлеуметтік қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру: дүкендерде, кафе, емхана, қоғамдық көліктерде.

15. Түзету-логопедиялық жұмыс нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін мұғалім-логопед арнайы әдіс-тәсілдерді қолданады:

а) тәжірибелік (жаттығулар: еліктеу-орындау, жаттықтыру,түзеу, шығармашылық; ойындар: дидактикалық, сюжетті-рөлді, іскерлік; заттық моделдеу);

б) көрнекілік (графикалық, символдық, иллюстрациялық, шынайы);

в) өзінің тілегін, білімін, әрекеттерін сұрақ-жауапты үлгілерді меңгеру үшін, лексикалық материалды бірлесіп, ілесіп қайталау тәсілі арқылы, сөздік (сөз, логопедтің әңгімесі, әңгіме, сөйлеу тілін талдау), жаттанды фразаны қайталау.

16. ҚР БҒМ 22.01.2016 жылғы №70 бұйрығына сәйкес, білім алушылардың ынтасын арттыру, өмірлік және оқу дағдыларын неғұрлым сапалы қалыптастыру мақсатында, логопедиялық сабақтарда әртүрлі көрнекілікті пайдалана отырып, анализаторларды барынша қосу үшін дидактикалық дамытушы ортаны орынды реттеу жағдайында оқытудың техникалық құралдары қолданылады:

1) логопедиялық сабақтардың бөліктері немесе тұтас сабақтар «Интербелсенді дыбыстық тақта (дыбысты машықтандыру, логиканы дамыту, ойцн терапиясы мен дыбыстың сапасы, күші, бағытын ажырату)», «Акустикалық тактилді тақта» қолдану арқылы, сенсорлы бөлмеде өткізілуі мүмкін

2) мультимедиялық интербелсенді дамытушы бағдарламалық-әдістемелік кешеннің үшөлшемді аксессуарлары мен карточкалары бар электронды ресурс, интербелсенді тақтатәжірибелік тілді дамыту жұмысында кеңінен пайдаланылады;

3) Түзетуде сергіту сәттерінде, әсіреседизартрия мен ринофониясы бар балалармен жұмыста «Логопедиялық жаттықтырғыш» дыбыстық белгіні көрнекілікпен сәйкестендіруде өзіндік сөйлеу тілін бақылауда кеңінен қолданылады;

4) «Тілдік қатынасты меңгеру және дамытуға арналған тілдік жаттықтырғыш» құралын мұғалім-логопед фразалық сөйлеу тілін меңгермеген білім алушылармен жұмыста қолданады.

17. Оқушылардың психофизикалық, неврологиялық ерекшеліктерін ескеріп, сөйлеу қабілетінің полиморфты және тереңдігі аясында олардың жұмыс қабілеттілігінің төмендеуін ескере отырып, логопед-мұғалім мультимедиялық, электронды құрылғыларды санитарлық нормалар мен ережелерге қатаң сәйкес, шектеулі және қатаң мөлшерде қолданады, алайда, дәстүрлі (нақты) дидактикалық ресурстарды кеңінен қолданады:

1) жануарларды, ертегі кейіпкерлерін, тұрмыстық заттарды бейнелейтін ойыншықтар;

2) жазықтық және үлестірме материал (карточкалар, суреттер, пазлдар);

3) қуыршақ – сахналау және ойын-драматизациялар және ұлттық ойындар үшін ұлттық костюмдер, декорациялар мен аксессуарлар;

4) оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін әдебиеттер, оның ішінде суреттері, әңгімелері, өлеңдері бар кітаптар; халық және авторлық ертегілер.

18. Бағдарлама бірқатар шарттарды орындау кезінде жалпы білім берудің негізін қалайды:

1) сабақтарда пәндер бойынша өтпелі тақырыптық жоспарлауға сәйкес дидактикалық материал пайдаланылады;

2) жалпы білім беретін пәндер бойынша мұғалім-логопедтің басшылығымен сабақтар мен сабақтарға өзара қатысу үдерісінде және қорытындылары бойынша білім алушылардың әрқайсысының сөйлеу дамуының жай-күйі, әлеуетті мүмкіндіктері мен болжамы туралы кәсіби білімнің толық бейнесін қалыптастырады;

3) «Айналадағы әлем», «Музыка және ырғақ», «Қол еңбегі» «Бейнелеу өнері», «Сенсорлық даму», «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту», «Заттық - тәжірибелік әрекет» оқу пәндерімен пәнаралық өзара байланыс орнатылады, оларды зерделеу кезінде логопедиялық сабақтарда қалыптастырылатын коммуникативтік және басқа да сөйлеу дағдылары бекітіледі және дамиды.

19. Зиятының орташа түрінде бұзылыстары бар балаларда академиялық тілдік білімді қалыптастыруға бағытталған логопедиялық сабақтың дәстүрлі өткізілуінің тиімділігі төмен, сол себепті тіл дамуының кемшіліктерін түзету процесі мазмұнды және/немесе ұйымдық нысандарды қатаң реттеуді көздемейді.

20. Сабақ барысында логопед әр оқушыда осындай қажеттілік туындаған сәтте – жеке жұмысты орындауға жағдай жасау үшін, жеке қарқынмен, мұғалімнің жеке көмегін алу үшін қызмет түрінің өзгеруін қамтамасыз етеді.

21. Білім алушыларға сабақ барысында логопедиялық кабинеттің кеңістігінде еркін қозғалуға мүмкіндік беріледі.

22. Орташа ақыл ойы кемістігі бар білім алушылардың тіл дамуының кемшіліктерін түзету бойынша оқу іс-әрекетінің барлық нысандары мен түрлері өздерінің белсенділігін, бастамашылығы мен дербестігін қалыптастыруға бағытталған.

23. Орташа ақыл ойы кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау сипаттамалық квалиметриялық құралдарды пайдалана отырып жүргізіледі: жеке сөйлеу картасында міндетті түрде сөйлеу дағдысын меңгерудің дербестік дәрежесі (дербес, үлгі бойынша, еліктеу бойынша, педагогпен бірлескен іс-қимылдардың көмегімен) және үлгі бойынша іс-әрекеттерді орындау кезінде көрсетілетін педагогикалық көмек түрі көрсетіледі (ұйымдастырушы, бағыттаушы, эмоционалды).

24. Бағдарламада оқушылардың тіл дамуының кемшіліктерін түзету бойынша жеке бағдарламаларының мазмұнын анықтауға бағыттаушы негіз болатын оқыту мақсаттарының жүйесі тұжырымдалған. Мектептің педагогикалық кеңесі оқушылардың аймақтық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, тақырыптар мен өтпелі тақырыптар тізбегіне өзгерістер енгізе алады.

25. Тіл дамуының кемшіліктерін түзетудің жеке бағдарламасы логопед-мұғалім белгіленген тәртіппен жүргізетін логопедиялық диагностика негізінде жасалады.

## 3-тарау. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

### Параграф 1. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» оқу пәнінің мазмұны

26. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» оқу пәні бойынша 1-4 сыныптарда оқу жүктемесі:

1) 1-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 132 сағатты құрайды;
2) 2-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды;
3) 3-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды;
4) 4-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды.

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы типтік оқу жоспарына сәйкес

жасалды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген).

27. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» оқу пәнінің Бағдарлама мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) «Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі»;

2) «Қатынас»;

3) «Тілдің дыбысталуы»;

4) «Оқылым мен жазылым».

28. «Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сенсорлы тәжірибе;

2) моторика және кеңістіктік туралы түсініктері.

29. «Қатынас» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) вербалды қатынас;

2) бейвербалды қатынас.

30. «Тілдің дыбысталуы» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) дыбысталған тілді түсіну;

2) айтылым.

31. «Оқылым мен жазылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) балама оқу;

2) графика және жазу.

32. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәнінің 1 сыныптағы базалық мазмұны:

1) сөйлеу тілінің психомоторлық негізі. Қоршаған орта дыбыстарын тыңдау, есту зейінін көрсету, қимылдармен және ым ишарамен негізгі өмірлік функцияларды көрсету (тыныс алу, қарау, тыңдау, иіскеу, сөйлеу, тамақтану). Белгілі бір және дерексіз кескіндердегі (пиктограммалардағы) таныс заттардың визуалды бейнелерін тану – тұтастай алғанда, бөлшектері бойынша, оларға тән дыбыстары бойынша. Музыка тыңдау кезінде қарама-қарсы эмоцияларды білдіретін дене және бет қимылдарын тану;

2) қатынас. Таныс қарым-қатынас жағдайында ересектермен және құрдастарымен қол жетімді байланыс құралдары арқылы қатынасқа түсу (баламаларын қоса). Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға қызығушылық таныту. Мұғалімді, балаларды және ертегі кейіпкерлерін қарсы алу үшін қолды пайдалану. Ересек адамның сөйлеуіне қызығушылық және мәтінді оқу процесінде оның дауысына назар аудару. Қаратпа сөйлеуге оңды жауап беру (мимика-ым-ишара және вербалды құралдар);

3) тілдің дыбысталуы. Нұсқау бойынша бірінші тақырыптық концентр шеңберіндегі екі - үш заттың және/немесе суреттердің арасынан бір затты табу – «Мен баламын: менің денем. Менің сезімдерім мен қажеттіліктерім». Нұсқауларды түсіну, бірлескен іс-қимыл деңгейінде тыныс алу-дауыстық және артикуляциялық жаттығуларды орындау. Тақырыптың сурет, пиктограмма және сөзбен байланысы. Есту арқылы тану, берілген дыбыстың айтылуы (А, Т, Ә, О,

Ө, У, И, М). Айтылым кемшіліктерін жою, сөйлеу кезіндегі тыныс алуын, дауыс, артикуляциялық қозғалыстардың кинетикалық және кинестетикалық негізін дамыту, дикциялық жаттығулар және дыбыстарды мүмкіндігінше қол жетімді жеке айқындық деңгейінде айту;

4) оқылым және жазылым. Есту зейіні мен естіун шоғырландыруын дамыту. Ересектерге иллюстрациялары бар шағын мәтіндерді оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру, үстел үсті ойынын таңдауға оң көзқарасты білдіру. Қылқаламмен, саусақпен, алақанмен бояу, әртүрлі жазу элементтерін таңдау және пайдалану. Көрсету және үлгі бойынша қарапайым тапсырмаларды орындау, бірінші концентр тақырыбы бойынша пиктограммаларды тану және ажырату (ұсынылған екі суреттің бірі)-«Мен баламын».

33. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәнінің 2 сыныптағы базалық мазмұны:

1) сөйлеу тілінің психомоторлық негізі. Затқа назар аударып, көз үзбей қарау, белгілі және дерексіз кескіндердегі (пиктограммалардағы) таныс заттардың визуалды бейнелерін тану. Өзінің дене бөліктерін өзінде және пиктограммада көрсету, әртүрлі пішінде ұсынылған ұқсас немесе берілген заттарды және олардың бейнелерін тану сәтін көрсету;

2) қатынас. Өзінің қажеттіліктері мен тілектерің қол жетімді құралдармен білдіру, қуаныш, қайғы, таңданудың бет-әлпеті арқылы көргендеріне деген көзқарасын көрсету. Ойын жағдайында қатынастық белсенділіктің көрінісі, өзара әрекеттесудің қол жетімді тәсілдері аясында «серіктестің» әлеуметтік рөлін түсіну. Қатынастық мақсаттар үшін қарапайым белгілерді пайдалану. Ынталандырушы интонацияны түсіну. Кеңістікке қатысты сөздердің мағынасын түсіну және орындау. Сөзбен сүйемелдеу арқылы саусақ ойындары процесінде ересек адамның іс-әрекетіне еліктеу бойынша ойын әрекеттерін орындау, сөзбен біргелестіріп, ойыншықпен тақырыптық-ойын және бейнелеу әрекеттерін орындау;

3) тілдің дыбысталуы. Тыңдалған мәтіннің жалпы нақты мазмұнын қабылдау және түсіну, ересек адамның сөйлеген сөзіне оң жауап беру (ым-ишара және вербалды құралдар). Айтылым кемшіліктерін түзету, сөйлеу кезінде тыныс алуын, дауыс, артикуляциялық қозғалыстардың кинетикалық және кинестетикалық негізін дамыту, дикциялық жаттығулар және дыбыстарды мүмкіндігінше қол жетімді жеке айқындық деңгейінде еліктеу арқылы айту. Бірінші-екінші типтегі буындық құрылымы бар сөздерді қайталау, әртүрлі заттарды атау, олардың суреттері және осы заттарды негізгі белгілері бойынша сипаттау;

4) оқылым және жазылым. Оқу тәжірибесінде қолжетімді біліктерді игеру, әліпбиді жаттау (А, Т, У, П, Н), графикалық ұқсастығы бар (А және М) әріптердің жұптарын ажырату. Нақты жағдайда нұсқау бойынша, жазатын затпен бағытталған әрекеттер орындап жаттығу.Қарапайым графо-моторлы біліктерді қалыптастыру, бірінші және екінші концентр тақырыптары бойынша

пиктограммаларды (ұсынылған үш-төртеуінен біреуін) тану және ажырату-«Мен баламын», «Бала және жақын орта».

34. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәнінің 3 сыныптағы базалық мазмұны:

1) сөйлеу тілінің психомоторлық негізі. Дыбыстық ынталандыру заттарды күші, сапасы және бағыты бойынша ажырату. Ұқсас заттарды сипап сезіп, ажыратып және атауын атау, еліктеуіш ойындар: қозғалыста қуыршақтардың, жануарлардың, құстардың бейнелерін көрсету. Дабыл, қарапайым дыбыстық-сөздік сүйемелдеуімен барабан соққыларына арналған жолдар мен кілемшелермен ырғақты жүру;

2) қатынас. Логикалық негіздеме жасауға тырысып, күнделікті жағдайларда және жеке тәжірибеде жалпы қабылданған бейвербалды қарым - қатынас құралдарын игеру - адамға қажетті киім мен аяқ киімді сыртқы келбеті бойынша, көңіл - күйі бойынша, дәлелмен таңдау (үлкен ағай-үлкен етік, көңілді Шалқар-қызыл жейде), өнімді орнату, қолдау және байланыстың аяқталуы. Қатынастың баламалы құралдарымен танысу. Ертегі кейіпкерінің ойын жағдайына эмоционалды оң реакцияны көрсету. Ересек адамның қимылдары мен кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бақылау және түсіну, ертегі кейіпкерлерінеойын әрекетіне жауап беру (ым-ишара құралдары мен әрекеттері). «Отбасы», «Көлікте», «Дәрігерде», «Көшеде» және т. б. сюжеттермен өзін ойын рөлінде атай отырып, қарапайым рөлдік диалогты орындау;

3) тілдің дыбысталуы. Айтылымның жеке кемшіліктерін жою, сөйлеу кезіндегі тыныс алуын, дауысын, артикуляциялық қимылдардың кинетикалық және кинестетикалық негізерін дамыту. Аса қолжетімді анықтық деңгейде үлгі және еліктеу бойынша дыбытарды айту және дикциялық жаттығуларды орындау. Буындық құрылымдардың бірінші-екінші типтеріне жататын сөздердібір буыннан екіншіге біртіндеп ауысу арқылы, қайталау. Сын есім, зат есім және жиі қолданатын етістіктермен сөздік қорын молайту. Өз атынан үлгі бойынша екі сөзден құралған сөлемдерді моделдеу және құру;

4) оқылым және жазылым. Иллюстрация мен оның элементтерінің ересек адам оқыған таныс мәтінмен байланыстыру. Қолжетімді вербалды, бейвербалды құралдарды (сөзбен, дыбыспен, қимылмен, іс-қимылмен), баламалы құралдарды (графикалық, баспа, электрондық құрылғы бейнелері) пайдалана отырып, ойын әрекеттерінің ережелерін, тәртібін есте сақтау. Бірінші, екінші және үшінші концентр тақырыбына арналған пиктограммаларды тану, ажырату (ұсынылған төрт-бес суреттің бір-екеуі)- «Мен баламын», «Бала және оны қоршаған жақын орта», «Бала және үлкен әлем». Бастырып сызу, штрихтау және сурет салу, бетті қара, түрлі-түсті қарындаштармен, шарикті қаламдармен сызу, АТ, АТАТ, ААТТААТТ, ААТААТ сызбасы бойынша шаршы, шеңбер, жолақшада кезектесіп, дайын элементтерден өрнектер жасау.

35. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәнінің 4 сыныптағы базалық мазмұны:

1) сөйлеу тілінің психомоторлық негізі. Марш ырғағымен музыкалық бөлімнің ырғақты негізін қайталау. Кеңістіктік және уақыттық түсініктерін анықтау, бір уақытта ұсынылған екі-үш элементтен тұратын қатарды қайталау.Үлгі бойынша үш массаж элементтерін қолданып, өз қолының саусақтарына массаж жасау. «Көз- қол» атты тепе тендікті дамытуға арналған жаттығу, тізбектерді құру;

2) қатынас. Ертегі кейіпкерінің атынан ересек адамның сөйлеген сөзіне және заттық-ойын әрекеттеріне оң жауап (ым-ишара және ауызша құралдарарқылы). Көрсету қимыл мен сөйлеу тілін қолдана отырып, өзінің фотосуретін (немесе жалпы фотосуреттен) басқалардан табу. Қысқа ертегілерді тыңдау, ертегі кейіпкерлерін таңдау, қол жетімді вербалды және бейвербалды құралдарды (көзқараспен, ым-ишарамен, қимылмен, іс-әрекетпен) қолдана отырып, сюжеттік ойыншықты ойнауға қызығушылық таныту, бөлімнің мазмұны әр оқушының әр түрлі өзара әрекеттесу жағдайларындағы жеке мүмкіндіктерін ескере отырып талданады. Оқу әрекеттеріне арналған бір-екі сатылы нұсқауларды дәл орындау: тыңдауы, өлеңдер мен ертегілердің мәтінінен суреттер мен пиктограммаларды табуы. Өзгелердің назарын өзіне, сыртқы келбетіне және іс-әрекеттеріне, репликалар арқылы тартуы, бағалауды күтуі;

3) тілдің дыбысталуы. Сөйлеу тілін немесе пиктограммаларды қолдана отырып, ойыншықтар, сүйікті заттар, оқушылар үшін қызықты жағдайлар мен оқиғалар туралы қысқаша сипаттама әңгімелер құрастыру. Таныс балалар мен ересектердің есімдерін білдіретін сөздерді тану және айту (5-6 есім). Бірінші - бесінші типтегі буындық құрылымы бар сөздерді бір буыннан екіншісіне, дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерде бір дауыссыз дыбыстан екіншісіне өтіп, қайталау. Суреттер, бақылаулар, көрген, бастан кешкен және естіген/оқығаны туралы әңгімелер. Монологтік және диалогтік формаларда «мәлімдеме» құру, сөйлеу тілінің дыбысталуының негізгі ережелерін сақтауы (ырғақ, екпін, қарқын, темп, әуезділік, интонация, кідіру), кім? не? сұрақтары бойынша сөйлемді аяқтау білігі. Осы сұрақтың сөздеріне сүйене отырып, қойылған сұраққа жауаптар, моделдер мен үлгілер бойынша екі-үш сөз тіркестерін дербес құру;

4) оқылым және жазылым. Ойын ережелерін білім алушыға әр түрлі қол жетімді тәсілдер арқылы жеткізу (бірлескен іс-әрекеттер, көрсету және еліктеу, өз бетінше әрекет етуі). Қарапайым графикалық тапсырмаларды түрлі-түсті қарындаштармен орындау, үлкен қағаз парақтарына фломастерлермен, щеткалармен, қарындаштармен түзу және қисық сызықтарды, бұрышты нысандарды салу. Тіректер бойынша А, О, Т әріптерінің «хаты»: трафареттер (биіктігі 10 см), нүктелер, сызықша іздері - дербес немесе мұғалімнің көмегімен.

36.Бағдарламаның мазмұнын оқу жылдары (сыныптар) бойынша бөлу шамамен болады. Логопед оқу мақсаттарының көлемі мен күрделілігін, сондай-ақ әрбір білім алушының қабілеттері мен мүмкіндіктерін, нақты жетістіктерін ескере отырып, дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті уақытты жекебелгілеуге құқылы.

Параграф 2. Оқу мақсаттарының жүйесі

37. Бағдарламада ұсынылған оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.1 кодында «1» - сыныбы, «1.2» - бөлім және бөлімше, «1» - оқыту мақсатының реттік саны

38. Бөлімдер мен сыныптар бойынша оқу мақсаттарының жүйесі:

1) «Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі» бөлімі:

| Бөлімше | Оқу мақсаттары | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1 сынып | 2 сынып | 3 сынып | 4 сынып |
| 1.1. Сенсорлы тәжірибе. | 1.1.1.1 жақында қозғалып келе жатқан затты көзімен бақылау (жазықтықта, тігінен, дөңгелек бойына, алға/артқа) 1 минут ішінде | 2.1.1.1 1 минут бойы баланың алдында (баланың оң жағында, сол жағында) жоғары, төмен және көз деңгейінде орналасқан қозғалмайтын затқа көзді тоқтату | 3.1.1.1 белгілі бір түсті, бейнені және толық емес, шатасқан суреттегі таныс заттарды 10-15 секундта тану | 4.1.1.1 заттық суреттердегі, сюжеттік суреттердегі, Равен матрицасындағы, қарапайым пазл-композициялардағы бөлшек пен бүтінді сәйкестендіру |
| | 1.1.1.2 адамның бетіне, фотосуретке 30 секундқа қарау | 2.1.1.2 мұғаліммен бірге дене бөліктерін фотосуретте және өзіңізде көрсету | 3.1.1.2 қозғалатын қашықтағы нысанды көзбен қадағалау | 4.1.1.2 сөзге қатысы жоқ дыбыстардың күшін ажырату: табиғат дыбыстары мен дауыстарына еліктепқатты және ақырын дыбыстау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1.1.1.3 суреттерден ойыншықтарды табу (түрлі-түсті сурет-иллюстрация, оқушының көзінше ересек адам салған сурет, екі-төрт бөліктен тұратын сурет) | 2.1.1.3 дене бөліктері бейнеленген пиктограммаларды іріктеп, дене бөліктерін өзінде, қуыршақта көрсету, суретте, пиктограммада бөліктерді атауға тырысу | 3.1.1.3 нысандардың түстері (қызыл, көк, сары, жасыл, қара, қоңыр) түсі бойынша тану (ажырату) заттар мен суреттерді, қарындашты таңдау | 4.1.1.3 стандарттарды қолдана отырып, шөпке, аспанға, күнге, суға, қарға тән түсті бөлектеу), нысанды түс, түс (жануарларды) белгісі бойынша тану |
| | 1.1.1.4 таныс ойыншықты жеке бөлшектері, оған тән дыбыстары бойынша (дыбыстық ойыншықтар), сипап сезу арқылытану | 2.1.1.4 көлемі, құрылымы жағынан ұқсас таныс заттарды сипап сезу арқылы тану, дыбыспен, ым-ишарамен, қозғалыспен тану, көрсету | 3.1.1.4 ағаш, металл, пластмасса, желіммен, әртүрлі температурадағы сумен жанасудаәр түрлі реакция білдіру, температурадағы су | 4.1.1.4 заттарды жалпы белгісі бойынша стереогноз процесінде топтастыру: «Кедір-бұдыр (тегіс) затты көрсет, ата») |
| | 1.1.1.5 құлақ (иық, бел) тұсында тұрған дыбыстың қозғалмайтын көзін табу | 2.1.1.5 табиғат дыбыстарын (жаңбыр, құстар мен аңдардың дауысы) және музыкалық аспаптардың дыбысын (ысқырық, барабан, ысқырық) тану | 3.1.1.5 дыбыстың қозғалмайтын алыста тұрған көзін нысанмен сәйкестендіріп, табу және дыбысталуы бірдейлерді табу | 4.1.1.5 бөліктің ырғақты негізін марш ырғағымен сәкестендіріп, қайталау |
| 1.2. Моторика және кеңістік туралы | 1.1.2.1 педагогпен бірлесіп, статикалық және динамикалық тепе тендікке | 2.1.2.1 педагогпен бірлесіп, өзінің қол саусақтарына массаж жасау | 3.1.2.1 оң және сол қолдарының саусақтарын кезекпен, ырғақпен | 4.1.2.1 үлгі бойынша, үш массаж тәсілін қолданып, массаж құралымен, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| түсініктері. | арналған саусақ жаттығуларын орындау | (үлгі бойынша 3 тәсілден тұратын массаж) | жақындатып, қосып, айқастыруды қайталау | өзінің қол саусақтарына массаж жасау |
| | 1.1.2.2 педагогпен бірге, еліктеу бойынша жұдырықтарды жұму, ашу | 2.1.2.2 жұдырықтарды ырғақты түрде жұму, ашу, заттарды әртүрлі ұстау әрекетін жасай отырып, ұсақ заттарды сұрыптау | 3.1.2.2 жылы су құйылған ыдысқа қолын салып, жылыту, түгі бар орамалмен сүртіп, құрғату | 4.1.2.2 құрастырғыш және құру-шашу, ойыншықтармен ойнау: педагогпен бірге немесе еліктеу бойынша |
| | 1.1.2.3 кабинет кеңістігінде бағдарлау, алдыға, артқа бағыттарын көрсету | 2.1.2.3 кеңістігінде бағдарлау, алдыға, жоғары төмен, алдыға артқа бағыттарын көрсету | 3.1.2.3 имитация-ойындарын ойнау: қуыршақ, жануарлардың қимылдарын келтіру | 4.1.2.3 педагог атаған бағыт бойынша қозғалу: алдыға артқа, жоғары, төмен |
| | 1.1.2.4 педагог берген бағыт және қолдан ұстау бойынша сенсорлы жолдармен қозғалу | 2.1.2.4 педагогтің әрекеттеріне еліктеу және үлгі бойынша қимылдың бағытын көрсету | 3.1.2.4 беттің/бастың бөліктерін көрсету және нұсқау бойынша атау: көздер, мұрын, ауыз, құлақтар, шаш | 4.1.2.4 ірі және ұсақ қимылдардан тұратын қарама қарсы әрекеттерді дамыту үшін «керісінше» ойынын ойнау- |
| | 1.1.2.5 берілген бағытта ойыншықпен (сылдырмақ, таяқшасы бар лента), сенсорлы және ойын жолдарымен жүру | 2.1.2.5 аудио-қимыл жаттығуларды орындау «Тында және биле...» (тақпақтың мәтініне сәйкес) | 3.1.2.5 жолдармен, кілемшемен жүру «Топ-топ», барабанның соққысына сәйкес «топ-топ» деп аяқпен топылдатып жүру | 4.1.2.5 екі жалпы қимылдар қатарын, екі элементтен тұратын қозғалысты екі қолмен, бір ұсынғаннан қайталау |

2) «Қатынас» бөлімі:

| Бөлімшелер | Оқу мақсаттары | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1 сынып | 2 сынып | 3 сынып | 4 сынып |
| 2.1. Бейвербалды қатынас. | 1.2.1.1 ойыншықтарды қолданып, қатынастың бейвербалды құралдарын қолданып, арнайы ұйымдастырылған ойын жағдайында өз нәтижелеріне қол жеткізгеніне қуанышын білдіру | 2.2.1.1 негізгі эмоцияларды білдіретін эәне олардың негізгі белгілерін бейнелейтін суреттермен ойнау (көздің қимылдарын сәйкес ерін мен қастың қимылдарымен сәйкестендіру) | 3.2.1.1 айна алдында бет әлпеті бойынша тану эмоционалды жағдайларды атай білу: күледі, жылайды, мимикалық қимылдарды адекватты пантомимикамен толықтыру | 4.2.1.1 досы, педагогі, өзіндегі киімдерді, заттарды қарап, көрсету атау- айнаға қарап, суреттен, пиктограмма, фото, видео бойынша |
| | 1.2.1.2 ым-ишара, патомимикамен көрсету: «Мен: көремін, естимін, тыныс аламын, иіскеймін, айтамын, тамақтанамын», «Қолдарым – мен бәрін жасай аламын», «Аяқтар — мен жүремін», «Мен көңілдімін, күлемін, жылаймын», «Мен ойнаймын, менің | 2.2.1.2 сөйлеу тілінің анықтылығын есту, сұраулы ояту интонациясына сәйкес мимикалық реакцияларды түсіну | 3.2.1.2 өзін айнадан көру, өзін, өзінің бейнесін айнадан көрсету, суланған қылқалам, саусақпен өзінің айнадағы бейнесін сызу | 4.2.1.2 айнаға қарау, өзінің сыртқы бейнесін бағалау, өз киімінің, шаш үлгісінің кемшіліктерін түзеу, бой түзеу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтарым» | | | |
| | 1.2.1.3 музыка тыңдау кезінде эмоциялардың ым-мшара қимылдарын «оқу» | 2.2.1.3 педагог бетінің қимылдарына еліктеу (айна алдында немесе онсыз) және оның қимылдарын еліктеу (аяйды, құшақтайды, басынан сипайды; қуанады-қол шапалақтайды) | 3.2.1.3 педагог ұсынған бейнеге сәйкес берілген үш ойыншықтан біреуйн тандайды | 4.2.1.3 ым-ишара ойындарын ойнайды, педагогтің соңынан, фрагмент, ойыншық немесе суретті көрсету бойынша қоян, аю, түлкінің қимылдарын қайталайды |
| 2.2. Вербалды қатынас. | 1.2.2.1 бір әрекеттік нұсқауды түсіну (Ал! Отыр! Бер!) | 2.2.2.1 айтылған бір әрекеттік кеңістікке қатысты сөздермен нұсқауды түсіну және орындау | 3.2.2.1 жеке гигиена, оған қажетті заттар туралы тақпақтарды қатынастың вербалды және бейвербалды құралдарды қолдану арқылы айту | 4.2.2.1 ойын рөлінде өзін атауы қажет рөлдік диалог құру («Ана мен бала», «Отбасы» ойындары) |
| | 1.2.2.2 аты мен фамилиясына аудио және сөйлеу реакцияларын білдіру | 2.2.2.2 өзін атау және арнайы жасалған жағдайда, атын естігенде жауап беру | 3.2.2.2 жеке гигиена заттарын және ойын-драматизацияға арналған заттарды тақпақ сөздеріне қарай іріктеу | 4.2.2.2 педагогтің көмегімен үйдегі тұрмыс, табиғат, көшедегі («Дәрігерде», «Көшеден жүргінші жолымен өтеміз») қарапайым сюжеттерді моделдеу |
| | 1.2.2.3 қоршағандарме | 2.2.2.3 сөз арқылы рөлдік | 3.2.2.3 рөлдік ойында өзін | 4.2.2.3 оқу әрекеттерін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | н әртүрлі жағдайларда тұрмыста, мерекелерде қарапайым сөз арқылы қатынасқа дайындығын көрсету («Иә ма жоқ па?») | ойындарға екі сөзден құралған сөйлемдерді қолданып, жұптасып қатысу | атап, қарапайым рөлдік диалог орнату («Отбасы», «Автобуста», «Дәрігер», «Көше» | орындауға қатысты бір-екі сатылы нұсқауларды мұқият тындап, орындау: тындау, тақпақтар мен ертегі мәтіндері бойынша пиктограммалар мен суреттерді табу |
| | 1.2.2.4 мультимедия құралдары көмегімен жазылған сөздерді (тақпақтар, ертегілер) қызығуын көрсетіп тындауын | 2.2.2.4 отбасы мүшелерінің бір біріне сүйіспеншілікпен қарап, қатынасын білдіретін рөлдік ойындарды ым-ишара, сөздер арқылы білдіріп, ойнау | 3.2.2.4 киімдер үлгілерін қолданып, сюжеті бірнеше әрекеттен тұратын ойындарды топпен 2-3 адам болып ойнау: «Мен жүргізушімін», «Мен-дәрігермін», «Мен аспазбын» | 4.2.2.4 репликалардың көмегімен басқалардың назарын өзіне, сыртқы келбетіне және олардың бағалауын күте отырып, өз іс-әрекеттеріне аудара білу |

3) «Тілдің дыбысталуы» бөлімі:

| Бөлімшелер | Оқу мақсаттары | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1сынып | 2 сынып | 2 сынып | 4 сынып |
| 3.1. Тілдің дыбысталуы. | 1.3.1.1 ойындарға арналған заттарды қолдану мүмкіндіктерін ұсыну: қуыршақтармен, диванда, | 2.3.1.1 вербалды және бейвербалды қатынас құралдарын қолданып, мұғалімнің | 3.3.1.1 таныс ойыншықтарды және олармен байланысты әрекеттерді мұғалімнің | 4.3.1.1 педагогтің қысқаша ауызша сипаттамасы бойынша таныс |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | орындықтарда, үстелде жұмсақ пішінді ойыншықтармен ойнау | ауызша өтініші бойынша заттарды және олардың суреттерін көрсету, атау | қысқаша ауызша және ым-ишара сипаттамасы бойынша тану | заттарды, табиғат пен тұрмыс нысандарын бір немесе екі тән белгілер бойынша тану және көрсету |
| | 1.3.1.2 «Мен-баламын» («Менің денем және Мен», «Менің сезімдерім мен қажеттіліктерім») тақырыптық шеңбердегі заттар мен суреттерді үш заттың ішінен нұсқаулыққа сәйкес тауып, оларды көрсету, атау | 2.3.1.2 үш зат пен суреттің арасынан «Бала әлемі» тақырыбы (менің ойыншықтарым, үйім, Отбасым, мектебім және достарым) ішіндегі заттарды табу: қуыршақ, доп, аю, текшелер, барабан, машина, шелек, көрсету және атау | 3.3.1.2 өмірдегі және суреттердегі негізгі эмоционалды күйлердің атауларын түсіну және ажырату: күлу, жылау, қуану, мұңаю | 4.3.1.2 тыңдалған мәтіннің жалпы нақты мазмұнын затпен, суретпен, пиктограмманың мазмұнымен сәйкестендіріп, түсіну және тану |
| 3.2. Айтылым. | 1.3.2.1 өзінің тыныс алу, дауыс шығару және артикуляция мүшелерін табу және көрсету, дауыс перделерінің дірілін сезіну | 2.3.2.1 айна алдында ерін мен тілге арналған жаттығуларды орындау: күлу-түтікше, тілді көрсету-тілді жасыру (үлгі бойынша) еліктеу бойынша. | 3.3.2.1 «Бақа» қимылдарын сөздік нұсқау бойынша - тілін шығарып, көзін бақырайтып, «Қоян» - қорқақтығын көрсету, орнында секіру, «Кеме» - тілді жоғарғы және төменгі тістер арасына | 4.3.2.1 дыбыстарды айту кезінде олардың дыбыссыз артикуляциясын қабылдау негізінде және еріннің орнын бейнелейтін суреттерге, заттық сурет- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | қысып тұрып уілдеу | таңбаларға сүйене отырып, [произношение заданного звука (а, ә, о, ө, у, и)] дыбыстарын ажырату, ырғақты және анық айту. |
| | 1.3.2.2 бірлескен іс-қимыл деңгейінде тыныс алу-дауыстық және артикуляциялық жаттығуларды орындау | 2.3.2.2 аузы ашылатын, тілі қимылдайтын, Бибабо қуыршағының (логопед қимылдатып тұрған) қимылдарын «оқу», аузын ашып, тілін қозғалтып, қимылдарды қайталау | 3.3.2.2 (а, ә, о, ө, у, и)] дыбыстарын оңаша күйде дұрыс айту (қыз ән айтады: а-а, қасқыр айқайлайды: оо-оо-оо); дыбысқа еліктеу материалы негізінде ерте және орта онтогенездегі дауыссыз дыбыстардың артикуляциясын жасау | 4.3.2.2 қысқа және үнсіз тыныс алу (иығын көтермей), тыныш және біркелкі дем шығару (ұртқа үрлемей) |
